

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

2019 ж. « 10 » 06 жарғыға
2019 ж. « 08 » 04
БСН 060941010888
№ 25-1959-20-9-д куәлік)
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді



«Бекітемін»

Ахмет Ясауи атындағы
ХКТУ-нің президенті
Б.С. Абырасилов

02 2019 ж.

«Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті»
мекемесінің «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледж» филиалының
Ережесіне енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың
Мәтіні

Текст

Изменений и дополнений вносимых в Положение филиала
«Профессиональный колледж Туркестан Ахмета Ясави» учреждения
«Международный казахско-турецкий университет имени
Ходжи Ахмеда Ясави»

Ереженің 1.1. тармағы келесі мазмұнда оқылсын: «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледж» филиалы (бұдан әрі - Филиал) «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Құрылтайшының мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, құрылыс 29В.

Филиалдың мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы 280.


Пункт 1.1. настоящего Положения читать в следующей редакции: Филиал «Профессиональный колледж Туркестан Ахмета Ясави» (далее - Филиал) является структурным подразделением учреждения «Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави».

Местоположение учредителя: Республика Казахстан, Туркестанская область, город Туркестан, проспект Б.Саттарханов, строение 29В.

Местоположение филиала: Республика Казахстан, Туркестанская область, город Туркестан, проспект Тауке хана 280.

Директор колледжа:

А.Кенжалиев



«Қабылданды»
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ
Сенатының шешімі
«27» сәуір 2012ж.
хаттама № 5



«Бекітемін»
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің
президенті, профессор
Л.Ташимов
«27» сәуір 2012ж.

«Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті» мекемесінің «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби
колледжі» филиалы туралы


ЕРЕЖЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2012ж. « 20 » 06 жарғыға
(2006ж. « 18 » 09
№ 25-19 58 2009) куәлік) енгізілген
өзгертулер мен толықтырулар
тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2012ж. « 20 » 06 жарғыға
(2006ж. « 18 » 09
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі
060541010288)
енгізілген өзгертулер мен
толықтырулар тіркелді

«Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби
колледжінің педагогикалық
кеңесінде қабылданды
хаттама № 3 «20» 09 2012ж.

Колледж директоры
А.Кенжалиев



Түркістан-2012



«Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті»
мекемесінің «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» филиалы туралы

ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі филиалы (бұдан әрі – Филиал) «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» (бұдан әрі – Университет) жоғары кәсіби білім беру мекемесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Құрылтайшының (Университет) мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Университет қалашығы, Б.Саттарханов даңғылы №29

Филиалдың мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі 142А.

1.2. Филиал Университет Сенатының 20.06.2006 жылғы шешімімен ашылды, хаттама №4.

1.3. Филиалдың толық ресми атауы: «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесінің «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» филиалы.

1.4. «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесінің «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» филиалы «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті» мекемесінің «Түркістан колледжі» филиалының (2001 жылы құрылған, салық төлеушінің тіркеу нөмірі 581800010713) және «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» мекемесінің (2006 жылы құрылған, салық төлеушінің тіркеу нөмірі 582000214129) қызметін құқықтық иеленуші (жалғастырушы) болып саналады.

1.5. Филиал заңды тұлға болып табылмайды, бірақ Университет президентінің шешімімен заңды тұлғаның кейбір өкілеттіліктерін иеленуі мүмкін. Филиалдың құқықтық мәртебесі мен функциялары Университет Жарғысымен белгіленеді.

1.6. Филиал Университет атынан келісімшарт түзуге, жауапкершілікті иеленуге, сотта Филиал директорына берілетін Сенімхат негізінде және шеңберінде талапкер және жауапкер болуға құқылы.

1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Филиал автономияға ие. Автономия дегенде осы Ережемен белгіленген қызмет аясында шұғыл шешім қабылдау үшін Филиалға қажет өзін-өзі басқару дәрежесі түсініледі: кадрларды іріктеу мен орналастыруда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқу, ғылыми, қаржылық-шаруашылық және басқа да қызметті іске асыруда өз еркінше әрекет ету.

Филиалға жүктелген міндеттердің қызметке сәйкестігін бақылауды Университет жүзеге асырады.

1.8. Филиалдың қаржы мекемесінің территориялды органдарында (қазынашылықтарда), банктерде белгілі тәртіппен ашылған өз дербес шоттары, дербес балансы, өзінің толық атауымен мөрі, сондай-ақ басқа да мөрлері, штамптары, бланкілері, тауар белгісі, символикасы бар.

1.9. Филиал өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексін, Қазақстан Республикасының Салық кодексін, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық және нормативті құқықтық актілерін, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысын, филиал туралы осы Ережені басшылыққа алады.

1.10. Филиалдың негізгі міндеттері:

- техникалық және кәсіби білім беру арқылы тұлғаның интеллектуалды, мәдени және адамгершілік дамуындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- қоғамның техникалық және кәсіби білім мамандарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру;

- Филиалда оқушылардың бойына азаматтық ұстаным мен еңбексүйгіштікті қалыптастыру, жауапкершілікті, өз бетінше жұмыс істеу мен шығармашылық белсенділікті дамыту;

- қоғамның адамзаттық және мәдени құндылықтарын сақтау және арттыру.

1.11. Филиал өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін өз қаражаты есебінен, республикалық бюджет пен Университеттің бөлетін қаражаты есебінен қызметтің негізгі түрлерін жүзеге асырады:

1) білім алушыларды мемлекеттік білім стандартына сәйкес қабылдау бойынша мемлекеттік тапсырыс пен колледждің өз жоспары аясында, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығы лицензиясымен белгіленген дайындық (мамандыққа) бағыттары бойынша техникалық және кәсіби білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

2) Филиал жатақханасында студенттердің тұруын қамтамасыз ету;

3) мүліктік кешенді, оның ішінде Филиалмен бекітілген, Университетпен белгіленген тәртіпте жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілерін күтіп-ұстау және пайдалану;

4) Филиалдың құрылымдық бөлімшелерін, жұмысшылары мен студенттерді ақпараттық қамсыздандыру, ақпараттық желілер, мәліметтер базасын, бағдарламаларды дамыту және қолдану;

5) Филиал рейтингісін арттыру, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын жетілдіру мақсатында контроллинг жүргізу;

б) Филиалдың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

1.12. Филиалды лицензиялау және мемлекеттік аккредитациялау Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.

Филиал оған лицензия берген күннен бастап Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген білім беру қызметін жүргізу құқығын иеленеді.

Филиал түлектерге Университеттің мемлекеттік аккредитациясы туралы куәлік негізінде білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжатты беруге құқылы.

1.13. Филиал құрамына бөлімдер, оқу кабинеттері мен зертханалар, оқу және оқу-өндірістік шеберханалар, кітапхана, оқу полигоны, жатақхана және білім беру, әдістемелік, қаржылық-экономикалық және Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Университет Жарғысымен және осы Ережемен қаралған басқа да қызметті қамтамасыз ететін өзге де құрылымдық бөлімшелер кіреді.

1.14. Филиал Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Университет Жарғысымен бекітілген тәртіпте құжаттардың (басқару, қаржылық-шаруашылық, кадрлық және басқа) сақталуына жауапты, оларды Университетке және бекітілген құжаттар тізіміне сәйкес мемлекеттік сақтауға тапсыруды қамтамасыз етеді.


1.15. Филиал Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өз құзіреттілігі шеңберінде мобилизациялық дайындық, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайларды ескерту және жою бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

1.16. Филиал орта (толық) жалпы білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын, бастауыш кәсіби білімнің кәсіби бағдарламаларын, сондай-ақ тиісті лицензиялармен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыра алады.

Филиал көрсетілген білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда Университет Жарғысына сәйкес білім беру мекемелері туралы типтік ережелерді басшылыққа алады.

2. ФИЛИАЛҒА ҚАБЫЛДАУ

2.1. Филиалда оқу үшін Университетке қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен (бұдан әрі – ҚР БҒМ) бекітілген техникалық және кәсіби білімнің мемлекеттік білім беру мекемелеріне қабылдау Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.



2.2. Филиал білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы болғанда ғана білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдауды жариялайды.

2.3. Қабылдау кезінде Филиал оқуға түсушілерді және (немесе) олардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) осы Ережемен, білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжатты беруге құқылы, әр мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығы бар лицензиямен, мамандықтардың әрқайсысы бойынша мемлекеттік аккредитация туралы куәлікпен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

2.4. Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен оқу үшін Филиалға қабылданатын азаматтардың саны және оларды қабылдау құрылымы мемлекеттік саясатты дайындау және білім саласында нормативтік-құқықтық реттелу бойынша функцияларды жүзеге асыратын атқарушы биліктің органымен жыл сайын белгіленетін мемлекеттік жоспар (бақылау цифрлары) аясында анықталады.

2.5. Филиал Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бекітілген жоспар (бақылау цифрлары) аясында мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының келісімшарттары негізінде оларға орта кәсіби білімді мамандар даярлауға көмек беру мақсатында азаматтарды мақсатқа сай қабылдау үшін орындар бөлуге, сондай-ақ осы орындарға жеке конкурс ұйымдастыруға құқылы.

2.6. Филиал Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бекітілген мемлекеттік жоспарлардан (бақылау цифрлары) тыс азаматтарды келісімшарт негізінде оқуға, оқу ақысын заңды және (немесе) физикалық тұлғалармен төлеу арқылы білім ордасына қабылдауға құқылы.

Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну төлемінің мөлшері мен оқу құны Филиалдың Педагогикалық кеңесімен бекітіледі, бірақ Университет басшылығымен келіседі.

2.7. Филиалда оқу үшін қабылдау оқуға түсушілердің өтініші бойынша конкурстық негізде жүргізіледі. Конкурс шарттары білім саласында азаматтардың құқықтарын сақтауды кепілдендіруі және Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылмаған болса техникалық және кәсіби білімнің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярланған ең қабілетті азаматтарды есепке алуды қамтамасыз етуі тиіс.

2.8. Шетел азаматтары арасынан студенттерді қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қазақстан Республикасы территориясына тиісті тіркеу арқылы Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшарттарына сәйкес жүргізіледі.

2.9. Филиалда оқу үшін Университетке кіріспе сынақты сәтті тапсыру шартымен конкурстан тыс Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген жеңілдіктерді пайдаланатын азаматтар қабылданады.

2.10. Филиалда оқу үшін білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаты бар тұлғалар қабылданады.

2.11. Кіріспе сынақтарын өткізу және Филиалға есепке алу үшін қабылдау, пәндік емтихандық және апелляциялық комиссиялар, құрылу тәртібі, құрамы, тиісті ережелермен регламенттелетін өкілеттіліктер мен қызметі құрылады.

2.12. Құжаттар қабылдау және кіріспе сынақтарын тапсыру кезеңінде Филиал аптасына бір рет Университетке құжаттарды қабылдау және кіріспе сынақтарының нәтижелері туралы шұғыл мәліметтерді береді. Филиал есепке алғаннан кейін қабылдау нәтижелері туралы толық есепті ұсынады.

2.13. Филиалда оқуға қабылдану колледж директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

3. ФИЛИАЛДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

3.1. Филиалда кәсіби білімнің түрлі деңгейлерінің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасымен бекітіледі.

3.2. Филиал лицензияға сәйкес мерзімі мен деңгейіне қарай күндізгі және сырттай формалар бойынша, педагогикалық жұмысшылардың оқушылармен міндетті

сабақтарының көлемімен ерекшеленетін экстернат формасында техникалық және кәсіби білімнің білім беру бағдарламаларына түрлі дайындықтарды жүзеге асырады.

Білім алудың түрлі формалары үйлестіріледі.

3.3. Филиалдың жүзеге асыратын білім беру бағдарламалары оқу жоспарын, оқу курстарының, пәндердің, дәрістердің (модульдердің) жұмыс бағдарламаларын және студенттердің дайындық сапасы мен тәрбиесін қамтамасыз ететін басқа да материалдарды, сонымен қатар оқу және өндірістік тәжірибе бағдарламаларын, күнтізбелік оқу кестесі мен тиісті білім беру бағдарламаларының жүзеге асуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдарды қамтиды.

Филиал жыл сайын ғылым, техника, мәдениет, экономика, технология және әлеуметтік саланың дамуын есекере келе оқу жоспарында бекітілген білім беру бағдарламаларын (пәндер құрамын (модульдерді) және (немесе) оқу пәндерінің (модульдердің) жұмыс бағдарламаларының, оқу және өндірістік тәжірибе бағдарламаларының, сондай-ақ тиісті білім беру бағдарламаларының жүзеге асуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдар мазмұнын жаңартып отырады.

Негізгі жалпы және (немесе) орта (толық) жалпы білім негізінде білім алудың күндізгі формасы бойынша техникалық және кәсіби білімнің білім беру бағдарламалары арқылы оқу мерзімі техникалық және кәсіби білімнің мемлекеттік білім беру стандартымен анықталатын нормативті мерзімдерді меңгеруге сәйкес белгіленеді.

Орта кәсіби және жоғары кәсіби білімі бар тұлғалар үшін техникалық және кәсіби білімнің қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға жіберіледі.

3.4. Филиалда білім беру процесін ұйымдастыру техникалық және кәсіби білімнің білім беру бағдарламаларына және әр мамандық үшін оқу дәрістерінің кестесіне және білім алу формасына сәйкес жүзеге асырылады. Тиісті деңгейдегі техникалық және кәсіби білімнің білім беру бағдарламалары Филиалда тиісті деңгейдегі техникалық және кәсіби білімнің мемлекеттік білім беру стандарттары, еңбек нарығының талаптарын ескеру арқылы ҚР БҒМ дайындаған үлгілік негізгі білім беру бағдарламалары негізінде дайындалады.

3.5. Филиалда білім беру процесі қазақ және орыс тілдеріде жүргізіледі.

3.6. Филиалда оқу жылы 1 қыркүйектен басталып нақты мамандық және білім алу формасы бойынша оқу жоспарына сәйкес аяқталады. Білім алудың сырттай формасы бойынша оқу жоспарының басы Филиалмен үш ай кейінге ауыстырылуы мүмкін.

3.7. Оқу жылы ішінде кемі екі рет студенттер үшін жылына жалпы ұзақтығы 8-11 аптаға, оның ішінде қыс мезгілінде кемі екі аптаға демалыс белгіленеді.

Оқу жылы екі семестрден тұрады, олардың әрқайсысы оқу жоспарының қарастырған білім бақылау формасымен аяқталады.


3.8. Филиалда оқу дәрістерінің сабақ, лекция, семинар, практикалық сабақ, лабораториялық сабақ, бақылау жұмысы, кеңес алу, өзіндік жұмыс, оқу және өндірістік тәжірибелер, курстық жұмысты (курстық жоба) орындау сияқты негізгі түрлері бекітіледі, сондай-ақ оқу дәрістерінің басқа түрлері де жүргізілуі мүмкін.

3.9. Филиалда білім алудың күндізгі формасы бойынша бюджеттік қаржы бөлу есебінен дайындықты қаржыландыру кезінде оқу тобында студенттер саны 25-30 адамға бекітіледі. Филиал студент саны аз топтармен және жеке студенттермен оқу дәрістерін жүргізе алады, сонымен қатар топтарды кішігірім топтарға бөледі. Филиал лекция түріндегі оқу дәрістерін жүргізуде студенттердің топтарын біріктіруге құқылы.

Оқу топтарында оқу және тәрбие жұмысын күнделікті басқаруды куратор (педагог-ұйымдастырушы) және бөлім меңгерушілері жүзеге асырады.

3.10. Аудиториялық дәрістердің барлық түрлері үшін академиялық сағат ұзақтығы 45 минутқа бекітіледі. Оқу дәрістері арасындағы үзіліс кемі он минутты құрайды.

Студенттің оқу жүктемесінің максималды көлемі аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жүктемесінің барлық түрлерін қосқанда аптасына 54 академиялық сағатты құрайды. Сырттай оқу формасында негізгі кәсіби білім беру бағдарламасын меңгеру



кезінде жылына аудиториялық оқу жүктемесінің максималды көлемі 160 академиялық сағатты құрайды.

3.11. Студенттердің оқу жүктемесі ережеге сай шеберханаларда, зертханаларда оқу полигондары мен Филиалдың басқа да бөлімшелерінде жүргізіледі.

Оқу және өндірістік тәжірибелер ұйым мен Филиал арасындағы келісімшарттар негізінде ұйымдарда, кәсіпорындар мен түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық формадағы мекемелерде өткізілуі мүмкін.

Орта кәсіби білімнің негізгі білім беру бағдарламаларын меңгеріп жүрген студенттердің оқу және өндірістік тәжірибелері ҚР БҒМ бекіткен ережесіне сәйкес жүргізіледі.

3.12. Филиал оқу үдерісін мақсатқа сай ұйымдастыру, оқу формаларын, әдістері мен құралдарын таңдау, оқытудың дистанциялық технологияларын пайдалану арқылы студенттерге кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін белгілі деңгейде және бағытта қажетті жағдай жасайды. Адамгершілікке қарсы, сондай-ақ студенттердің өмірі немесе денсаулығы үшін қауіпті оқу әдістерін пайдалануға рұқсат етілмейді.

3.13. Филиал ағымдағы үлгерімділік бақылауын, студенттердің аралық аттестациясын, түлектердің мемлекеттік (қорытынды) аттестациясын, сондай-ақ үлгерімділік бақылауының басқа да формаларын, оның ішінде Университеттің бекіткен ережесіне сәйкес тәуелсіз ұйымдарды тарта отырып жүзеге асыру арқылы білім беру бағдарламаларын меңгеру сапасын бағалайды.

3.14. Оқу барысында студенттердің үлгерімділігі (білімі мен бейімділігі) «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз», «сынақталды», «сынақталмады» бағаларымен белгіленеді.

Студенттердің үлгерімділігін анықтау және білімді бақылау тәртібі Филиалдың Университетпен келісілген жергілікті актілермен реттеледі.

3.15. Филиалда білім алушы студент бір білім беру бағдарламасынан және (немесе) білім алу формасынан тиісті ережемен белгіленетін тәртіпте басқасына ауысуға құқылы.

Студент осы оқу орнының келісімімен және оның аттестациядан сәтті өтуі арқылы білім беру бағдарламасын тиісті деңгейде жүзеге асыратын басқа оқу орнына ауысуға құқылы.

Студенттің бір оқу орнынан басқасына немесе жоғары оқу орнынан орта арнайы оқу орнына ауысуы, егер бұл Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылмаса ҚР БҒМ бекіткен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

3.16. Филиалда білім алушы студент ақылы оқу негізінен тісті ережемен бекітілген тәртіпте ақысыз оқу түріне ауысуға құқылы.

3.17. Студент оқудан шығарылуы мүмкін:

- 1) өз қалауымен;
- 2) басқа кәсіби білім мекемесіне ауысуына байланысты;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша;
- 4) әскери борышын өтеуге шақырылуына байланысты;
- 5) оқуын бітіруіне байланысты;
- 6) оқу келісімшартының келісімін тоқтатуына немесе бұзуына байланысты;
- 7) бір немесе бірнеше қорытынды сынақтар бойынша мемлекеттік аттестациядан қанағаттанарлықсыз баға алғаны үшін немесе оқу жоспарын орындамағаны үшін;
- 8) Филиалмен және Университетпен байланыс жоғалтқаны үшін;
- 9) академиялық демалыстан шықпауына байланысты;
- 10) осы Ережеде қарастырылған міндеттерді, ішкі тәртіп ережелерін және жатақханада тұру ережелерін, Филиалдың басқа да тәртіптерін бұзғаны үшін;
- 11) Филиалға оқуға түсумен және оқумен байланысты жалған құжаттарды, оның ішінде төлқұжаттарды, азаматтық және оқу ведомстволарының білімі туралы құжаттарды, сынақ кітапшаларын, медициналық анықтамаларды жасағаны үшін, сондай-ақ басқа адамның орындаған курстық немесе диплом жұмысын орындағаны үшін;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
6
ТЕКСЕРІЛДІ

12) аралық және қорытынды аттестациядан өту кезінде электронды байланыс құралдарын пайдаланғаны және плагиат үшін;

13) қазаға байланысты;

14) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген басқа жағдайларда.

Осы пунктiнiң 1-4 тармақшасына сәйкес студенттi оқудан шығару белгiлi себептермен шығару болып табылады.

Осы пунктiнiң 6-13 тармақшасына сәйкес студенттi оқудан шығару белгiсiз себептермен шығару болып табылады.

Студенттi оқудан шығару тәртібі тиісті ережемен белгіленеді.

3.18. Студент ҚР заңнамасында қаралған ережелерге сәйкес оқуын қайта қалпына келтіруге құқылы.

3.19. Филиалдың мемлекеттік (қорытынды) аттестациясы міндетті болып табылады және білім беру бағдарламасын толық көлемде меңгергеннен кейін жүзеге асырылады.

Филиалдың мемлекеттік (қорытынды) аттестациясы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік аттестациялық комиссиямен жүзеге асырылады.

3.20. Филиал тиісті білім беру бағдарламасын толық көлемде меңгерген түлектерге және мемлекеттік (қорытынды) аттестациясынан өткен түлектерге мөрмен расталған, білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгідегі диплом береді.

3.21. Филиал түлегіне және Филиалда оқу аяқталғанға дейін оқудан шығып кеткен білім алушыға жеке істен білім туралы құжат негізінде студенттер қатарына тіркелген құжат беріледі. Қалған барлық құжаттар (есепке алу туралы бұйрық, аяқтағаны немесе шығып кеткені туралы көшірме, сынақ кітапшасы, студенттік билет т.б.) жеке іс құжаттарында сақталады.

4. ФИЛИАЛДЫ БАСҚАРУ

4.1. Филиалды басқару Қазақстан Республикасы заңнамасына, техникалық және кәсіби білімнің білім беру мекемесі (колледж) туралы Типтік ережеге, Университет Жарғысына, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады және дара басшылық пен өзін-өзі басқару принциптерінде құрылады.

4.2. Филиалдың өмірлік іс-әрекетінің маңызды мәселелерін шешу үшін Филиал оқытушылары мен жұмысшыларының Жалпы жиналысы (бұдан кейін Педкеңес) шақырылады.

Педкеңес жұмысына тізім құрамындағы оқытушылар мен жұмысшылардың кемі үштен екісі қатысса заңды болып саналады. Егер Педкеңес жиналысына қатысушы оқытушылар мен қызметкерлердің 50 (елу) пайыздан астамы дауыс берсе оның шешімі мақұлданады.

4.3. Филиалдың жалпы басшылығын сайланбалы өкілетті орган – Директорат жүзеге асырады.

4.4. Директорат құрамына оның төрағасы болып табылатын Директор, оның орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, сондай-ақ құрылымдық бөлімше басшылары кіреді.

4.5. Филиал Директораты:

1) Педкеңесті шақырту және өткізу туралы шешім қабылдайды;

2) Педкеңес тәртібін белгілейді, Педкеңес құжатнамасын дайындайды және жүргізеді;


3) Филиалды дамыту бағдарламасы, оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды;

4) Филиал туралы Ережені, оның өзгертулері мен толықтыруларын талқылайды;

5) Филиал басшысының есептерін тыңдайды;

6) Филиал жұмысшыларын мемлекеттік және салалық марапаттармен марапаттау, оларға құрмет атақтарын беру туралы өтініш білдіреді;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Ережеге сәйкес басқа мәселелерді шешеді.



4.6. Директорат отырысына Директорат мүшелерінің жартысынан астамы қатысса заңды болып табылады.

4.7. Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайдан өзге, Директорат күзіреттілігі мәселелері бойынша шешімдер отырысқа қатысушы Директорат мүшелерінің жалпы дауыс санынан қарапайым басым дауыспен қабылданады.

4.8. Филиал қызметін тікелей басқаруды Университет президентінің бұйрығымен ережеге сай, оқу-әдістемелік және (немесе) ғылыми және ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесі бар жұмысшылар ішінен тағайындалатын басшы (директор) жүзеге асырады.

4.12. Филиал Директоры Университет атынан жүзеге асыруға құқылы:

- Филиалдың ағымдағы істері мен қаржылық-шаруашылық қызметін ұйымдастыруға және оперативті басқаруға;

- барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда, салық инспекциясында, басқа да кәсіпорындар мен мекемелерде Университет және Филиал мүддесін танытуға;

- Филиалдың өз қызметінен қалыптасқан мүлік пен қаражаттарды, Филиал қызметін қаржыландыруға алынған мемлекеттік бюджет қаражатын басқаруға;

- Филиал бойынша бұйрық беруге, еңбек ұжымының барлық мүшелері мен Филиалда білім алушыларға міндетті тапсырмалар мен нұсқаулар беруге;

- Университет атынан заңды және физикалық тұлғалармен шаруашылық келісімдерге, жұмысты атқарудың (қызмет көрсетудің) мемлекеттік келісімшарттарына, сондай-ақ кассалық шығындар сұранымдарына қол қоюға;

- азаматтық сотта және арбитражда Университет және Филиал мүддесін таныту құқығын біреуге сеніп тапсыруға, талапкерге, жауапкерге, үшінші тұлғаға заңмен берілетін барлық құқықтарды пайдалануға.

4.13. Филиал директоры:

- жүйелік білім беру (оқу-тәрбиелік) және әкімшілік-шаруашылық (өндірістік) жұмысты қамтамасыз етеді;

- ғылыми, оқу-әдістемелік, әкімшілік, қаржылық, шаруашылық және басқа да мәселелерді шешеді;

- құрылымдық бөлімшелердің, Филиалдың педагогикалық және басқа да жұмысшыларының жұмысын жоспарлайды, үйлестіреді және бақылайды;

- Филиалдың педагогикалық кадрлары мен басқа да қызметкерлерін іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады;

- жұмысшылардың қызметтік міндеттерін белгілейді;

- олардың біліктілігін арттыру үшін және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін жағдай жасайды;

- жұмысшылардың шығармашылық ынтасын көтереді және ынталандырады, ұжымда қолайлы моральды-психологиялық климатты қолдайды;

- оқушылар контингентін құрады, олардың әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз етеді;


- жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, кәсіпорындар мен ұйымдармен, қоғаммен, ата-аналармен (оларды алмастырушы тұлғалармен) тиімді өзара әрекет пен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

- мұғалімдік (педагогикалық), психологиялық ұйымдар мен әдістемелік бірлестіктер қызметіне ықпал етеді;

- заңнамамен рұқсат етілген қоғамдық (оның ішінде балалар және жастар) ұйымдардың қызметін реттейді;

- бюджеттік қаржыландыруды, сонымен қатар басқа да көздерден түсетін қаражатты тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

- филиалды мемлекеттік, муниципалды, қоғамдық және басқа да органдарда, мекемелерде танытады;



- оқу-материалдық базаны тіркеуді, сақтауды және толықтыруды, санитарлық-гигиеналық тәртіп пен еңбек қорғау ережелерін сақтауды, құжатнаманы тіркеуді және сақтауды қамтамасыз етеді;

- Филиалға тиесілі мүлікті түгелдеу, жөндеу, қажетті жағдайда арнайы комиссияның шешіміне сәйкес мүлікті жарамсыз деп тану немесе жою жұмысына басшылық жасайды;

- Филиалдың сатып алулар бойынша комиссиясының жұмысын басқарады және бақылайды;

- Филиал Педкеңесін басқарады.

4.14. Филиал директоры Университет Сенатының мүшесі болып табылады және Филиал мүдделерін танытады.

4.15. Филиал директоры төмендегілер үшін толық персоналды жауапты:

- оның құзіретіне жататын міндеттерді орындамағаны үшін;

- білім беру бағдарламаларын толық көлемде жүзеге асырмағаны үшін;

- түлектердің білім сапасына;

- білім беру процесі кезінде оқушылар мен жұмысшылардың өміріне, денсаулығына;

- Филиалдың оқу, ғылыми-әдістемелік және әкімшілік-шаруашылық жұмысын төмен деңгейде ұйымдастырылуына;

- қаржылық тәртіп пен мемлекет бюджетінің қаражатын мақсатсыз жұмсағанға;

- сатып алулар бойынша комиссия қызметіне;

- түскен нормативті және жарлық құжаттарын бақылауға;

- Қазақстан Республикасы бюджеттік заңнамасын бұзғанына.

4.16. Директор өз өкілдіктерінің жартысын өз орынбасарларына беруге құқылы. Орынбасарлар Филиал қызметінің бағыттарын тікелей басқаруды жүзеге асырады және өздеріне директор бұйрықтары мен қызметтік нұсқауларға сәйкес сеніп тапсырылған қызметке жауапты болады.

4.17. Филиалда қамқоршылар кеңесі, сондай-ақ қызметтің түрлі бағыттары бойынша басқа да кеңестер мен комиссиялар құрыла алады. Құрылу және қызмет тәртібі, осы кеңестердің (комиссиялардың) құрамы мен өкілеттіктері Университетпен келісілген ережелермен белгіленеді.

4.18. Филиалда оқу пәндері (пәндер циклі) бойынша пәндік (циклдік), әдістемелік және басқа да комиссиялар құрылады.

4.19. Филиалда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастыру жұмысы, сондай-ақ инновациялық қызмет жүзеге асырылуы мүмкін. Осы ретте Филиал құрылымында тиісті бөлімшелер құрылуы мүмкін.

5. ФИЛИАЛДА БІЛІМ АЛУШЫЛАР

5.1. Филиалда білім алушы тұлғаларға студенттер жатады.

Филиалға техникалық және кәсіби білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін директор бұйрығымен белгіленген тәртіп бойынша тіркелген тұлға Филиал студенті болып табылады.

5.2. Филиалда білім алушылар Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Университет Жарғысымен, осы Ережемен және Филиалдың басқа да ережелерімен белгіленген құқыққа ие және жауапты болады.

5.3. Филиалда білім алушы құқылы:

- Филиалды басқару органдары мен қоғамдық бірлестіктер арқылы Филиал қызметіне жататын мәселелерді талқылауға және шешуге қатысуға;

- Филиал кітапханасын, ақпараттық ресурстарды, Филиалдың оқу және басқа да бөлімдерінің қызметін белгіленген тәртіпте тегін пайдалануға;

- оқудағы озаттығы және Филиалдың сараптама-құрастыру және қоғамдық жұмысына белсенді қатысқаны үшін моральды және (немесе) материалды ынталандыруға.

5.4. Мекемеде білім алушылар міндетті:

1) осы Ережені, ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада тұру ережелері мен басқа да ережелерді сақтауға;

2) оқу жоспарында қарастырылған тапсырмалардың барлық түрін белгіленген мерзімде орындауға, білім, шеберлік пен дағдыларды меңгеруге;

3) оқу жоспарымен белгіленген оқу дәрістерінің барлық түрлеріне қатысуға;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес барлық міндеттерді орындауға.

5.5. Медициналық куәліктер бойынша және басқа да ерекше жағдайларда студентке ҚР БҒМ белгіленген тәртіпте академиялық демалыс беріледі.

5.6. Басқа қаланың студенттері жатақханада бос орын болса орынмен қамтамасыз етіледі. Жатақханада тұратын әрбір студентпен келісімшарт түзіледі.

5.7. Филиалдың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен техникалық және кәсіби білім алатын күндізгі бөлім студенттері белгіленген тәртіпте мемлекеттік академиялық және (немесе) әлеуметтік шәкіртақылармен қамтамасыз етіледі.

Филиал іс жүзіндегі бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат аясында ҚР заңнамасына сәйкес студенттерді әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар дайындайды.

5.8. Осы Ереженің талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін, басқа да жергілікті актілерді сақтамаған, оқу жоспарын белгіленген мерзімде орындамаған студентке келесіде тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, колледжден шығарылу.

5.9. Студент осы Ереженің 3.17.п. ішкі тәртіп ережелерімен қарастырылған жағдайда оқудан шығарылуы мүмкін.

5.10. Студентке қатысты тәртіптік жаза қолдану үшін айыпты тұлғадан жазбаша түрде түсініктеме алынады.

Студенттің түсініктеме жазудан бас тартуы немесе жалтаруы оны тәртіптік жазадан босату үшін негіз болып табылмайды. Жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан немесе жалтарған жағдайда тиісті акт түзіледі.

5.11. Тәртіптік жаза, студенттің науқастанған уақытын және (немесе) оның каникулда болғанын есептемей анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей және тәртіпсіздік жасалған күннен бастап алты айдан кешіктірмей қолданылады.

Студент оның науқастану, демалыс, академиялық демалыс немесе жүктілік пен босану кездерінде оқудан шығарылмайды.

5.12. Қайта оқу мүмкіндігі мен тәртібі Филиалмен Университет Жарғысына сәйкес белгіленеді.

6. ФИЛИАЛ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

6.1. Филиал жұмысшыларына басқарушы және педагогикалық жұмысшылар, оқу-көмекші және қызмет көрсету персоналы жатады.

6.2. Филиалдың педагогикалық қызметіне жоғары кәсіби білімі бар тұлғалар жіберіледі, бұл білімнің және (немесе) біліктіліктің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталуы тиіс.

Филиалдың педагогикалық қызметіне төмендегідей тұлғалар жіберілмейді:

- заңды күшіне енген сот үкіміне сәйкес педагогикалық қызметпен айналысу құқығынан айырылған;
- қасақана ауыр және аса ауыр қылмыс үшін соттылығы бар;
- белгіленген заңды тәртіпте қабілеті жоқ деп танылғандар;
- денсаулық сақтау саласында мемлекеттік саясатты дайындау және нормативтік-құқықтық реттеу бойынша функцияларды жүзеге асыратын атқару билігінің органмен бекіткен тізімде қаралған науқасы барлар.

6.3. Филиал жұмысшылары құқылы:

1) Филиал қызметінің, оның ішінде өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық ұйымдар арқылы мәселелерін талқылауда және шешуде атсалысуға;

2) өзінің кәсіби қызметін ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік және материалды-техникалық тұрғыдан қамсыздандыруға, кітапханаларды, ақпараттық ресурстарды,

Филиалдың оқу, оқу-әдістемелік және басқа да құрылымдық бөлімшелердің қызметтерін тегін пайдалануға,

3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Филиал және Университет әкімшілігінің бұйрықтары мен нұсқауларын шағымдануға.

Филиал жұмысшылары Қазақстан Республикасы заңнамасына, Университет Жарғысына, ішкі еңбек тәртібі ережелеріне, еңбек келісімшарттарына, қызметтік нұсқауларға және басқа да жергілікті актілерге сәйкес өзге де құқықтарды пайдаланады.

6.4. Филиал жұмысшылары міндетті:

1) Қазақстан Республикасының еңбек және басқа да заңнамасын, Университет Жарғысы мен ішкі тәртіп Ережелерін, осы Ережені сақтауға;

2) еңбек міндеттерін адал орындауға, ішкі еңбек тәртібі ережелерін және басқа да жергілікті актілерді сақтауға, білім беру мекемесін басқару органдарының шешімдерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын орындауға;

3) кәсіби және корпоративті әдепті қатаң сақтауға;

4) Филиал территориясында (оның ішінде оқу аудиторияларында, зертханаларда т.б.) тәртіп сақтауға, Филиал мүлкін ұқыпты ұстауға;

5) өзіне жүктелген міндеттерді белгілі себептермен орындай алмау туралы дер кезінде Филиал әкімшілігін ескерту.

Филиал жұмысшылары Қазақстан Республикасы заңнамасына, Университет Жарғысына, ішкі еңбек тәртібі ережелеріне, еңбек келісімшарттарына, қызметтік нұсқауларға және басқа да жергілікті актілерге сәйкес жауапты болады.

6.5. Филиалдың педагогикалық жұмысшылары осы Ереженің 6.3.п. қарастырылған құқықтармен қатар білім беру мекемесімен бекітілген білім беру бағдарламасына сәйкес оқу және тәрбие әдістемелерін, оқу құралдары мен материалдарды, оқулықтарды, студенттердің білімін тексеру әдістерін таңдауға және пайдалануға құқылы.

6.6. Филиалдың педагогикалық жұмысшылары осы Ереженің 6.4.п. қарастырылған міндеттерді орындаумен қатар міндетті:

1) білім беру процесінің жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге, студенттерде дербестілікті, ынтаны, шығармашылық қабілеттерді дамытуға себепші болуға;

2) студенттерде таңдаған дайындық бағыты бойынша кәсіби ерекшеліктерді қалыптастыруға;

3) студенттердің жеке бас беделін құрметтеуге, олардың мәдени және физикалық дамуы жайлы қамқорлық танытуға, оларға дербес жұмысты ұйымдастыруға көмек беруге;

4) өз біліктілігін арттырумен жүйелі айналысуға.

6.7. Педагогикалық жұмысшылар біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бес жылда кемі бір рет қосымша кәсіби білімнің білім беру мекемелерінде, жоғары оқу орындарында және басқа да ұйымдарда оқыту және (немесе) машықтанудан өту арқылы, сондай-ақ диссертациялар дайындау мен қорғау арқылы жүргізіледі.


6.8. Педагогикалық жұмысшылар үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді – аптасына 36 сағаттан аспай және ұзақтығы 56 күнтізбе күніне ұзартылған жыл сайынғы төленетін демалыс.

6.9. Педагогикалық жұмысшылардың оқу жүктемесін Филиал оқу жылына 1440 академиялық сағатқа дейін мөлшерде белгілейді.

6.10. Жұмыс берушінің педагогикалық жұмысшыларды штаттың қысқаруына байланысты жұмыстан босатуы тек оқу жылы аяқталған соң ғана мүмкін.

6.11. Филиалда еңбек төлемінің шарттары, сондай-ақ жұмысшыларды материалды және (немесе) моральды ынталандыру формалары еңбек келісімшарттарында, еңбек төлемі туралы ережелерде және Университеттің басқа да жергілікті актілерінде белгіленеді.

7. ФИЛИАЛДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ



7.1. Филиал Университет Жарғысына және Филиал туралы Ережеге сәйкес білім беру қызметін қамтамасыз ету мақсатында ғимараттарды, құрылғыларды, мүліктік кешендерді, сондай-ақ тұтынушылық, әлеуметтік, мәдени және Университет балансындағы басқа да қажетті мүлікті пайдаланады.

7.2. Филиал оған Университеттің берген мүлкін пайдаланады және оның алдында бүтіндігі мен тиімді пайдаланылуы үшін жауапты. Филиал кейін салдары Университет мүлкін меншіктен шығару болып табылуы мүмкін келісімдерді өз бетінше жасауға құқы жоқ.

7.3. Филиал ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте оған берілген мүлікті жалға беруші және (немесе) жалға алушы ретінде әрекет етуге құқылы.

7.4. Университет Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Филиалға берілген мүлікті мақсатқа сай пайдалану мен бүтіндігіне бақылау жүргізеді.

7.5. Филиалдың қаржылық қамтамасыз етілуі:

- мемлекеттік бюджет есебінен;
- кіріс әкелетін қызметті жүзеге асырудан алынатын қаражат;
- заңды және физикалық, оның ішінде шетелдік тұлғалардың ерікті түрде жанашырлық жәрдем беруі мен мақсатты жарналары;
- Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басқа да көздер есебінен жүргізіледі.

7.6. Филиал белгіленген тәртіпте:

1) бюджеттік смета жобасын және бюджеттен тыс қаражаттардың кірістер мен шығыстар сметасы жобасын бекіту үшін Университетке ұсынады;

2) басқарушының бекіткен мөлшері аясында бюджеттік міндеттер лимиті негізінде Университеттің бекітілген кірістер мен шығыстар сметасына сәйкес бюджеттік қаражат және өзге де қаржыландыру көздерінің қаражатын жұмсау бағыттары мен тәртібін уақтылайды;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасында қаралған тәртіпте және жағдайда, оның ішінде кіріс әкелетін қызметтен алынатын қаражат есебі бойынша, Университеттен алынған рұқсат негізінде территориялық қазынашылық органдарында дербес шот ашады;

4) Филиал директорымен берілген сенімхатқа сәйкес жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) шаруашылық және басқа да келісімдерді, мемлекеттік келісімшарттарды өз алдына түзеді;


5) Университет келісімімен Университет балансындағы және Филиалға берілген ғимараттар мен құрылғылардың күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді, Филиалға берілген тәртіпте берілген жер телімдерінде оның қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес ғимараттар мен құрылғыларды қалпына келтіруді, күрделі құрылысты жүзеге асыра алады;

6) конкурсқа қатысу өтініштерін, Филиалдың мемлекеттік мұқтаждықтар үшін тауар жеткізу, жұмыстар атқару, қызмет көрсету үшін тапсырыстарды жайғастыруды жүзеге асыруда аукционға қатысу өтініштерін қамтамасыз ету ретінде Университеттен қаражат алады;

7.7. Колледж директорының бұйрығымен іс жүзіндегі заңнамаға сәйкес шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін Филиалда сатып алулар, орнату және жою бойынша арнайы комиссия құрылады.

7.8. Филиал Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес заңды және физикалық тұлғалармен келісімшарт бойынша ақылы негізде қызметке кіріс әкелудің келесі түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) техникалық және кәсіби білім беру бағдарламалары, кәсіби дайындық бағдарламалары, кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін, ақылы білім беру қызметін жүргізуге лицензиямен белгіленген шеңберде көрсету;



2) тиісті білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру стандарттарымен қарастырылмаған ақылы қосымша білім беру қызметін көрсету, оның ішінде қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, Университетке түсуге ниет білдірген тұлғалардың дайындық курстарында оқыту, арнайы курстар мен пәндер циклін, пәндерді тереңдетіп оқитын студенттермен сабақ өткізу және басқа да білім беру қызметтері;

3) кіріс әкелетін қызметтің қаражаты есебінен интеллектуалдық қызмет нәтижелерін жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы құқықтарынан басқа өздерінің құқықтарын жүзеге асыру, сонымен қатар кіріс әкелетін қызметтің қаражаты есебінен интеллектуалдық өнімдерді (пайдалы модельдер, компьютерлік бағдарламалық өнімдер) жасау және пайдалану;

4) белгіленген қызмет саласында консультациялық (консалтингтік), ақпараттық және маркетингтік қызметтер көрсету;

5) басылымдық және аудиовизуалды өнімді, оқыту бағдарламаларын, ақпараттық және басқа да кіріс әкелетін қызметтің қаражаты есебінен дайындалған материалдарды шығару және іске асыру;

6) көшірме және көбейту жұмыстарын орындау;

7) Филиал қызметкерлері немесе студенттері болып табылмайтын тұлғаларға кітапханалық қызмет және мұрағаттарды пайдалану қызметін көрсету;

8) жәрмеңкелер, аукциондар, көрмелер, симпозиумдар, конференциялар, семинарлар, мәжілістер, олимпиадалар, конкурстар, мәдени-көпшілік және басқа да шаралар, оның ішінде шетелдік заңды және физикалық тұлғалардың қатысуымен өткізу;

9) өнім, атап айтқанда азық-түлік өнімдерін өндірумен және жүзеге асырумен байланысты қоғамдық тамақтану қызметін көрсету;

10) транспорттық қызметтер көрсету;

11) тапсырыс берушінің материалынан өнім дайындау бойынша оқу-өндірістік қызметті жүзеге асыру барысында қызмет көрсету (жұмыстар атқару);

12) спорттық және дене тәрбие-сауықтыру қызметін жүзеге асыру.

Егер Филиалдың лицензия алуы қажет қызметпен айналысу құқығы заңмен немесе басқа да құқықтық актілермен белгіленбесе, сондай лицензияны алған сәттен бастап немесе онда көрсетілген мерзімде пайда болады және оның әрекет ету мерзімі біткенше тоқтатылады.

7.9. Филиалдың орындайтын жұмыстары мен көрсететін қызметтерінің құны ҚР заңнамасы, Университет Жарғысы және директор бұйрығымен бекітілген тәртіпте белгіленеді.

7.10. Қаражатты жұмсауды жоспарлау және бақылау мақсатында Филиалда келесі құжатайналым қабылданды:

- Филиалмен алдағы жылға тауарлар мен қызметтерді сатып алу бойынша жылдық келесі жоспары (СЖКБ) құрылады. Құрылған СЖКБ шешім қабылдау үшін Колледж Педкеңесіне жіберіледі және Университетпен келісіледі;


- Педкеңестің СЖКБ бекітуі және Университет президенті тарапынан келісілуі Филиалдың жоспарланған сатып алулары үшін негіз болып табылады;

- құрылған арнайы комиссия Филиал қажеттіліктері үшін ашық аукциондар, конкурстар, баға белгілеу сұраныстарын және тауар мен қызмет сатып алудың басқа да процедураларын өткізеді;

- өткізілген ашық аукциондардың, конкурстардың, баға белгілеу сұраныстарының нәтижелілігі бойынша жабдықтаушылармен келісімшарт түзіледі, одан кейін Филиал бухгалтериясы арқылы түзілген келісімшарттардың шарттарын орындау бойынша құжатайналым жүргізіледі;

- сатып алулардың жүзеге асуына Филиал Директоры, сондай-ақ жеке тағайындалған жауапты тұлғалар жауапкершілікті иеленеді.

7. Университет егер Филиалдың кәсіпкерлік қызметі білім беру қызметіне зиянын тигізсе оны тоқтатуға құқылы.



7.12. Филиал осы үшін бөлінген қаражат аясында қосымша төлемнің, үстеменің, сыйақылардың және материалды ынталандырудың басқа да шаралардың көлемін өз алдына анықтайды.

7.13. Филиалдың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды Университет, салық және басқа да органдар оларға заңмен бекітілген өкілеттілікке сәйкес жүзеге асырады;

7.14. Филиалдың сатып алу бойынша комиссиясын Филиал Директоры бақылауға алады.

8. ЕСЕПКЕ АЛУ, НАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

8.1. Филиал бухгалтерлік есеп туралы мемлекеттік заңды, Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексін, бюджеттік есеп бойынша ~~Нұсқаулық, ондай-ақ салық және алым төлеу заңына сәйкес салық есебін басқаруға~~ ~~қолданылатын мемлекеттік бухгалтерлік (бюджеттік) есеп жүргізеді.~~

Филиал бюджеттен және де мемлекеттік филиал бюджеттен және де мемлекеттік және басқа да кіріс әкелетін қызметті атқаруға қажетті қаражаттар мен кірістерді шығындар және кірістер сметасында көрсетеді.

8.2. Бухгалтерлік (бюджеттік) есеп құрылымын мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі таластырып, оны Университет бекітейді, кварталды және жылдық бухгалтерлік есепті ұсыну мерзімі Университет бекітейді.

8.3. Филиалдың статистикалық есеп формаларын, оларды ұсыну мерзімі мен тәртібін мемлекеттік статистика органдары бекітейді.

Филиалдың қаржылық-шаруашылық тәртібі бақылауды бекітілген тәртіпке сәйкес Университет жүзеге асырады.

9. ФИЛИАЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

9.1. Филиал Университетпен келісе Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қазақстан Республикасы халықаралық келісімшарттарына сәйкес білім беру, оқыту және басқа да қызмет саласында халықаралық ынтымақтастықта жұмыс істей алады.

9.2. Филиалдың халықаралық қызметінің негізгі бағыттары:

- бірлескен білім беру жобаларын дамыту және жүзеге асыру;

- шетелдік заңды және (немесе) физикалық тұлғалармен ынтымақтастық туралы келісімшарттарды түзу;

- Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес халықаралық ынтымақтастықтың басқа да формаларын жүзеге асыру.

10. ФИЛИАЛ ҚЫЗМЕТІН РЕГЛАМЕНТТЕЙТІН ЖЕРГІЛІКТІ АКТІЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Филиал қызметін регламенттейтін жергілікті актілердің түрлері белгілі тәртіпте бекітілген бұйрықтар, нұсқаулар, ережелер мен нұсқау бұйрықтары болып табылады.

Филиалдың жергілікті актілері Қазақстан Республикасы заңнамасына және Университеттің жергілікті актілеріне қайшы келе алмайды.

11. ФИЛИАЛДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАБУ ТӘРТІБІ

11.1. Филиал Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қайта құрылады және жабылады.

11.2. Филиалды жабу туралы шешімді Университет екіінші негізінде құрылтайшы қабылдайды.

11.3. Филиалды жабу жабу туралы шешімді қабылдаған органның белгілеген жою комиссиясымен жүзеге асырылады.


11.4. Филиалды жабу кезінде жою процедуралары аяқталғаннан кейін қалған мүлік Университеттің оперативті басқару құқығында сақталады және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тәртіпте пайдаланылады.

11.5. Филиалды қайта құру кезінде қызмет барысында пайда болған барлық құжаттар, оның ішінде жеке құрам бойынша құжаттар құқықтық мұрагерге - сақтауға, ал жабылуы кезінде Меммұрағат органдарына беріледі.

11.6. Тиісті тіркеу Университет Жарғысына және заңды тұлғалардың Бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енген сәттен бастап жабылу аяқталған болып, ал Филиал өзінің қызмет етуін тоқтатқан болып есептеледі.

12. ФИЛИАЛ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТОЛЫҚТЫРУЛАР

12.1. Филиал туралы ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Университет президентімен бекітіледі.



Положение

в филиале «Профессиональный колледж Туркестан Ахмет Ясави» учреждения
«Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжи Ахмеда Ясави»

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Профессиональный колледж Туркестан Ахмет Ясави (далее - Филиал) является обособленным структурным подразделением учреждения высшего профессионального образования "Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави" (далее - Университет).

Место нахождения учредителя (Университета): Республика Казахстан, Южно-Казахстанская область, г.Туркестан, Университетский городок, проспект Б.Саттарханова №29

Место нахождения Филиала: Республика Казахстан, Южно-Казахстанская область, г.Туркестан, улица Казыбек би 142А.

1.2. Филиал создан на основании решения Сената университета от 20.06.2006 года, протокол №4.

1.3. Полное официальное наименование Филиала: «Профессиональный колледж Туркестан Ахмет Ясави» - филиал учреждения «Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави».

1.4. «Профессиональный колледж Туркестан Ахмет Ясави» - филиал учреждения «Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави» является правопреемником колледжа «Туркестан» (созданного 2001 году, РНН: 581800010713) - филиала учреждения «Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави» и учреждения «Профессиональный колледж Туркестан Ахмет Ясави» (созданного 2006 году, РНН: 582000214129).

1.5. Филиал не является юридическим лицом, но может наделяться некоторыми полномочиями юридического лица по решению президента Университета. Правовой статус и функции Филиала определяются Уставом Университета.

1.6. Филиал вправе от имени Университета заключать договора, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде на основании и в рамках Доверенности, выдаваемой директору Филиала.

1.7. В соответствии с законодательством Республики Казахстан Филиал обладает автономией. Под автономией понимается степень самоуправления, которая необходима Филиалу для оперативного принятия решений в рамках деятельности, определенной настоящим Положением: самостоятельность в подборе и расстановке кадров, осуществлении учебной, научной, финансово-хозяйственной и иной деятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Контроль за соответствием деятельности Филиала возложенным задачам, осуществляет Университет.

